

Өмірзақов С.Д.

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ,
«Абайтану» ғылыми орталығының басшысы, Шымкент., Қазақстан
ДАТҚАЛЫҚ БИЛІК ДӘУІРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Автор-корреспондент: sattar.kazgurt@mail.ru

Түйін: Мақалада Тәуелсіздікті аңсаған, сол үшін өмір жолы күреспен өткен Кенесары Қасымұлы бастаған «ұлт-азаттық көтерілісінің» бар болмысы тарихи деректер мен дәлелдемелер арқылы ашып көрсетілді. Сыртқы протекторлық отарлаудың (Ресей, Қоқан) қазақ даласына жасаған бар шындығы жан-жақты дәлелденді. Егемен ел болуды көксеген қазақ ұландарының тарих сахнасында қалған ерлік істері мен іс-әрекеттері салыстырылып, түйінделді. Бүгінде ұлт-азаттық дәрежесіне көтеріліп, тиісті бағалана бастаған Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс - ұлттық бұлқыныс, тәуелсіздік тұғырнамасынан туындаған, қазақтың азаттығын таптаурын жүйеге салғысы келген озбырлық пен отаршылдық жүйеге өктем қарсылығының өшпес көрінісі болды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі туралы әдебиет тарихына өзек болар тарихи деректер мен әдеби мұралардың көптігі - кейінгі көтерілістер мен қозғалыстардың алтын өзегіне айналғандығының көрінісі.

Кілт сөздер: азаттық идея, датқа, Тәуелсіздік, ерлік, көтеріліс, Кенесары Қасымұлы

Кіріспе. Әдетте, өркениет бастауы – белгілі бір ұлттың, халықтың мәдени жетістігі мен ұлттық құндылықтарына тиесілі дегенімізбен, сол ұлттық танымды, жаңалық пен бүкілхалықтық өзгерістердің жасалуына ұйтқы болатын жеке тұлғалар еңбегі мен іс әрекеті болатыны белгілі. Қай ғасырда болмасын ұлттың ұйыстырар мәйегі – белгілі, атақты адамдар болған, бола да бермек. Олардың атақ-даңқы өзі атқарған, кейіннен аңыз-әпсанаға айналып кете барған пәлсапалық-ғаламдық тірліктерінен туындап, тұрмыс-тіршілігі өнегеге, тіпті тірі кезінде аңызға да айналып отырған. Бұл әсіресе, сыртқы отарлаушыларға қарсы Отан қорғау ісінде мейлінше өріс алып, әсірелеу үрдісімен үнемі дамытыла жырланып отырғанын көреміз.

«Туған жер топырағы» деген киелі ұғым қазаққа қанмен бірге берілетін Тәңірлік қасиеттің бірегей сыйы. Көшпенді мәдениеттен тамыр тартқан, сонау Алып Ер Тоңадан басталған *ерлік* дәстүрі Еділ, Шу, Мөде Алып Ер Тоңадан, Абылайдың т.б.батырлардың жауынгерлік дәстүрлерімен жалғасып, ХҮІІІ ғасырдағы жоңғарға қарсы күрестерде шарықтау шегіне көтерілсе, тәуелсіздік идеясымен суарылған «туған топырақты қорғау» парызының азаттықпен ұштасуы, Кенесарының тәуелсіздікті ту еткен бағдарламасымен өзек тартып, 1809 жылы басталып, 1858 жылы жалпыхалықтық сипат алған күңгей қазақтарының қоқандықтар тарапынан енгізілген «қыз салығына» қарсы туған көтерілісімен тұйықталады. Көп ғалымдар айтпай жүрген Кенесарының Оңтүстікке бағыт алуының да тарихи негізі бар. Бір ғана мысыл - басқасын айтпағанның өзінде Кенесары Оңтүстікке келгенде жиырма бес мыңдай адамның жиналып, ханды қолдап, соңынан еруі - жалғыз қорқытумен шектелмесе керекті.

Теориялық талдау. Бүгінде ұлт-азаттық дәрежесіне көтеріліп, тиісті бағалана бастаған Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс - ұлттық бұлқыныс, тәуелсіздік тұғырнамасынан туындаған, қазақтың азаттығын таптаурын жүйеге салғысы келген озбырлық пен отаршылдық жүйеге өктем қарсылығының өшпес көрінісі болды. Бұл кезең шындығының көркемдік әлемі - бүкілхалықтық ыза, түңілу мен ашыну көрінісі фольклордан бастап, жазба әдебиеттегі ұлттық мұраларда да, тарихи шығармаларда да өріліп жатты. Мұны тіпті Кенесары туралы халықтық мұралардың көп болуынан, халық арасындағы кеңінен таралған туындылардан-ақ азаттықты аңсаған, тәуелсіздікке ұмтылған халықтық қозғалыс сипатының ерекшелігін түсінуге болады. Кенесары туралы орыс миссионерлері мен жазбагерлерінің бірқанша зерттеулері мен көсемсөз түріндегі талдауларынан, халықтық толғаныс-әспеттеу пікірлердің көптігінен де халық сүйіспеншілігінің анық үлгісін пайымдаймыз. Біз осы күнге дейін кейбір себептермен

әдеби зерттеулерге айнала қоймаған, халық арасында әлі де кең танылмаған туындыларға, кейбір деректерге тоқталуды ғана мақсат тұтамыз. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі туралы әдебиет тарихына өзек болар тарихи деректер мен әдеби мұралардың көптігі – кейінгі көтерілістер мен қозғалыстардың алтын өзегіне айналғандығының көрінісі. XIX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Кенесары хан бастаған азаттық қозғалыс «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» соң араға ғасыр салып, елдің ерлігін көрсеткен ұлы оқиға, «ұлт-азаттық көтерілісі» болатын. Соған қарамастан ғылымда бұл тақырыптың жолының ауыр болғанын аңғару қиын емес.

Хан Кене бастаған көтеріліс туралы зерттеулер патшалы Ресей тұсында назар аударыла бастаған. 1870 жылы Петерборлық «Вестник Европы» журналының бірнеше санында «Бунт киргизского султана Кенесары Касимова» деген атпен патша шенеунігі Н. Середаның, ал 1888 жылы Ташкентте Е.Т. Смирновтың кіріспе сөзімен және осы кісінің аударуымен Сұлтан Ахмет Кенесариннің «Кенесары и Садык» атты еңбектері жарық көрді [1].

Аталмыш қозғалысқа қатысты құжаттар жинағын жинап, бастыру ісі де осы мезгілде қолға алына бастады. 1908-1915 жылдар аралығында Ташкентте Ресей соғыс істері министрі А.Н.Куропаткиннің тапсыруымен полковник А.Г.Серебрянников «Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания» деген атпен 14 томдық құжаттар жинағын бастырып шығарды. Осы көп томдықтың алғашқы бес томында Кенесары хан бастаған қозғалысқа қатысты 176 құжат жарық көрді [2]. Әлі күнге бұл тақырып күн тәртібінен түскен емес.

Ұлт-азаттық көтерілісі мәселесіне қырын қараған кеңестік билік тұсында Кенесары хан тақырыбын арқау еткен ғылыми зерттеу еңбектер де, көркем шығармалар да қуғынға ұшырады. М.Әуезовтың «Хан Кене» пьесасы театр сахнасына жіберілмегені былай тұрсын, Е.Бекмаховтың 1947 жылы жарық көрген белгілі еңбегі төңірегінде Қазақстанда өткен толассыз айтыс-тартысқа ұласып кете барды Мәскеуде Орталық камитетте әлденеше рет және КСРО Ғылым академиясы Тарих институтында (1948-жыл, ақпан) өткен талқылаулардан бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда тек Кенесары хан жөніндегі тақырыптың ғана емес, жалпы ұлттың рухын басуға, жаншуға арналған империалистік идеологияның жалғасқанын әрі дамытыла түскеніне куә боламыз.

Тарихи жыр бөлімінде келтірген Ахмет Байтұрсынұлының: «Тарихи жыр деп тарихта бар мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен қазақта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар. Халықтың жадынан өшпеген, есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген оқиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады. Мәселен, ... «Кенесары, Наурызбай»...». «Жанкісі бидің зекетшілер турасында айтқан» өлеңі қазақтың Қоқанға қараған шақтағы тарихына қатысы бар сөз болғандықтан, бұ да тарихи жыр тобына жатады» [3.117] деген ұлы ғалымның пікірін басшылыққа аламыз.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті, бұл тақырыпты түсіну үшін 1837-1847 жылдар аралығын қамтыған хан әскері, Ресей әкімшілігі мен Қырғыздар арасындағы қарулы қақтығыстың түп-төркініне тоқталмақ қажет. Қозғалыстың құқықтық негізі жөніне назар аударған тарихшы-ғалым М.Қойгелдиев: «Біз де бұл сауалды айналып өте алмаймыз. Мәселе бұл оқиғаның себеп-салдары тек сіз бен біздің хабардар болуымызға ғана саймайды, ол анағұрлым тереңде жатыр, яғни осы және одан кейінгі кезеңдерде де азаттық үшін күрес жолында мерт болған бабаларымыздың төгілген қаны мен көз жасы бізді бұл сауалға неғұрлым дәл де терең жауап беруге міндеттейді. Өйткені тәуелсіздік және азаттық деген ұғымдар салтанатты жиындар мен ғылыми форумдарда ғана айтылатын әдемі сөздер емес, олар қазақ халқының бүгінгі мен болашағын, бітім-болмысын анықтайтын, түрлі замандарда өмір сүрген және сүретін барлық ұрпаққа бірдей ортақ ұғым, адамгершілік категориясы», – деген болатын [4.84]. Және ғалым бұл күрестің кезеңдік мерзіміне тоқтала келіп: «Егер бұл қарсылықты жалпы империялық,

географиялық мерзімдік кеңістікке алар болсақ, онда Кене хан қозғалысы ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда болып өткен Сібірдегі Көшім хан, Татарстандағы Сүйімбике ханым, Башқұртстандағы Батырша және Салауат Юлаев бастаған қарсылықтардың логикалық жалғасы ретінде қабылдануға толық құқылы. Бірақ, әрине, Сүйімбике ханым мен Батырша заманындағы Ресеймен Кене хан заманындағы Ресейдің тәжірибесі мүмкіндігін салыстыруға келмейтіндігі өзінен-өзі түсінікті болса керек», - деген баға береді [4.85].

Кенесары хан көтерілісі хандық тақ үшін ғана емес қазақтың билік жүйесіндегі қалыпты жүйенің бұзылуына ашық қарсылық болатын. Бұл негізсіз де емес еді. ХVІІІ ғасырдағы Абылай хан заманынан кейін басталған қазақты шоқындыруға, орыстандыруға негізделген Ресейдің отарлау идеологиясы ХІХ ғасырдың 30-40 жылдары түбегейлі өзгеріске ұшырап, басқаша сипат алғаны мәлім. Мұны көрегендікпен сезген Бұқар жырау:

...Күнбатыстан бір дұспан,
Ақыры келер сол тұстан.
Сары май жағып мұртына,
Ел қамын жеген жақсыны,

Сөйлетпей ұрар ұртына, – деген мазмұндағы дәл болжау айтса [5.12], Шортанбай ақын:

Енді еркіндік заман жоқ,
Дұшпанның құрған торы бар.
Ендігі жүрген жігіттің,

Маңдайында соры бар,- деп отарлық жүйенің бар пошымын ашып көрсететіні бар [6.65].

Кенесары хан патшалы Ресейдің отарлау идеологиясының шеңберін түсінді. Ол бар мәселені бейбіт жолмен шешуге ұмтылды. Ресей патшасына жолдаған алғашқы хаттарының бірінде император мен атасы Абылай хан заманында екі ел арасында орын алған бейбіт қатынасқа және шекара есебінде қабылданған межеге қайта оралтуға шақырады. «...Сіздің арғы бабаларыңыз, ал бізде менің атам Абылай патшалық құрған уақытта, - деп жазды ол император І Николайға, - халық бейбіт және тыныш жағдайда өмір сүрді, оны ешкім бұзған емес. Екі жақ та өзара сауда жасады; біздің жұртымызға ешқандай да салық салынған жоқ. Ал одан кейінгі мезгілде бәрі өзгерді, біздің халқымыздан салық жинала бастады, оған тағы да басқа таршылықтар жасалынды. Бұрынғы жасалынған бейбіт келісімді бұзып, Сіздің төменгі қарауыңыздағы басшыларыңыз бүкіл қазақ халқы Ресей бодандығына қарады деп жалған көрсетті, соның нәтижесінде менің Абылай атама қарасты жерлерде сегіз дуан орнады. Бұл біздің халқымыз үшін қайғылы жағдай, әсіресе оған салықтың салынуы өкінішті-ақ. Сондықтан да біздің бүтін қазақ халқымыз таршылық көрмей, тыныш, рахатта өмір сүрсе екен деп, Ұлы мәртебелім, Сізге өтініш айтуға өзімді бақытты санап, біздің халқымызды сол бұрынғы күйінде қалдырып, даламызда, орналасқан сегіз округтік дуандар мен өзге де мекемелеріңізді жоюыңызды сұраймын» [4.255].

Келесі Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатында ол «...менің тілегім екі иелік халқының тыныш өмір сүргені, ал Сіз болсаңыз мені бодандығыңыздағы жұртты иемденесіз деп айыптағыңыз бар. Мен болсам, керісінше, Сіз менің атам Абылай ханға тиесілі жерлерде округтік дуандар орнатып, қазақ халқынан салық жинайсыз деймін. Демек, Сіз бізді тықсырып отырсыз, соған біз налымыз және Сіздің билігіңізде салық төлеп өмір сүргіміз келмейді. Мәселен, егер Ресейді өзге патшалық басқарса қандай күйде болар едіңіз, олай болса, Сіз де бір сәт біздің жағдайға еніп көріңіз», - деп көрсетті [4.256].

Кене ханның көптеген ауылдарды зорлықпен өзімен бірге алып жүргені және көтерілісті қолдамаған ауылдарды шапқанына байланысты да пікірлер бірқанша. Көтеріліс барысында орын алған мұндай оқиғаларға сол кезеңдегі ұғым-түсінік пен нақты тарихи жағдайларға қарап баға берген жөн. Бұл сұраққа да М.Қойгелдиев тұжырымды жауап береді. «Кене хан өз уақытында қазақ халқының басым бөлігі өз ханы мойындаған Абылай ханның тікелей немересі ретінде орыс патшасының ешқандай келісімінсіз-ақ өз еркімен

хандық билікті жойып, (1822-жылғы Ереже) округтық приказ сияқты басқару жүйесін енгізуге ашық қарсылық көрсетуге өзін құқылы санады. Патшалық приказдық билікті жойып, қазақтардан алым-салым жинауды тоқтатып, Абылай хан заманындағы екеуара шекараны мойындауды сұрады. Егер қазіргі тілмен айтатын болсақ, бұл территориялық тұтастық пен мемлекеттің тәуелсіздігін қалауды талап етудің өзі болатын. Басқа ештеңе де емес. Ал қайраткер тұлға көтеретін бұдан үлкен жүктің болуы мүмкін бе? Біздің түсінігімізше, мүмкін емес. Абылай хан заманынан XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысына шейінгі кезеңде ұлттық мемлекет мәселесін мұндай биік дәрежеде қойып, ол үшін өз ғұмырын арнаған дара тұлға Кенесары Қасымұлы және оның сарбаздары екендігін мойындайтын уақыт келді» [4.258].

Бірақ патшалы Ресей де, кеңес дәуірі де Кенесарыны қаралаудан танған емес. Осы кезде Ресей империясының отарлық жүйесіне қарсы тұрғандардың бірі Солтүстік Кавказдағы Шәміл бастаған қозғалыстан да байқалады. Шәміл көтерілісін зертеушілердің бірі В.Дегоев «Имам Шамиль: пророк, властитель, воин» атты еңбегінде империялық екпінмен Шәмілді тонаушы, басбұзар етіп көрсеткісі келген [7].

Кене ханның патша әкімшілігі мен Қоқан хандығына қарсы он жылға созылған күрес барысы тынымсыз жүргізілді. Ол үшін ең алдымен қазақтарды өз жағына тартуға әрекет етті. Ол бүкіл қазақ қоғамын өзіне бағындырудан, ал отаршыл әкімшілік жағында болған немесе өзін қолдағысы келмеген жеке сұлтандарды жазалау арқылы ортақ мүддеге жұмылдырудан үміттенді. Арқадан шыққан Кенесары алдымен Кіші жүзді қосып алмаққа әрекет етті. Оны Т.Дайрабай естеліктерінде келтірген мына деректен көреміз. «Сырда туып, Сырда өскен, көне сөздің көмбесі болған Меңліаяқ Сәрменбайұлы (1880-1954 ж.ж.) өзінің шежіре деректерінде: «... Екі би елімен кеңесіп, Қоқанға салығын төлеп, халықты тыныш сақтап тұрған. Сарман бидің үзенгісіне у жағылып, Қоқаннан қаза тапты», – дейді [8.20].

Осыдан кейін Сарман бидің баласы Дәрмен кейде жеті, енді бір деректе он сегіз жігітпен Кенесары жасағына қосылады» [8.22]. Кенесары хан Қоқанның Созақ қамалын шабу үшін Сыр бойының батырларына қолқа салып, Жанқожаға өзіне көмектесуін айтып хат жазады. Қоқандықтардың Сарман батырды өлтіргенін айтып, бірге аттануға кеңес береді. Жанқожа бас болып, Созақ қамалын алуға басқа батырлармен бірге «тоқым тыққан» Қыстаубай батыр да барып, үлкен шайқасқа қатысқан. Сол Созақ қамалының іргесінің сәгілуін тарихи деректерді жинаушы, белгілі ғалым Ғ.Ахмедовтың «Жұлдыз» журналының 1991 жылы 11 сынында Жанқожа Нұрмұхамедұлы туралы зерттеу мақаласында кеңінен талданған. Онда 1845 жылы Сыр бойынан Жанқожа бастаған 12 батырдың соғысқа қатысқанның, оның ішінде Тоғанастың да атын ерекше атап өтеді [9]. Сырдың Қызылқұм жақ бетіндегі ел билігі біраз уақыт қоқандар мен хиуалықтар қолында болғаны тарихи шындық. Олар елден әр түрлі алым-салықтар алып отырған. Елді езіп, арын жаншыған қоқандықтар мен хиуалықтарға қарсы күрес бір тынған емес. Олардың билеушілері Қожанияз, Бабажанға қазақтардың ашу-ызасы қайраулы еді. Ел ішінен ат жалын тартып мінген азаматтар озбырлыққа қарсы шығып, олардан кек қайтара отырып, бірнеше рет ірі қалалары мен ордасын бұзған. Шөмекейлер негізінен Қуанды жазда жайлап, Сырда қыстаған. Жазда Тобыл өзендерінің бойына дейін өткен кездері болған. Кейбірі «Қарақ» бойында, Қаракөл маңында егіншілік кәсіппен де айналысқан. Қоқанға бағынышты болып, олардың озбырлығына шыдамаған Сыр қазақтары өздерінің азаттығы үшін күресті үзбей жүргізеді.

Кенесарының Созақ қамалына шабуылына Жанқожа бастаған Сыр бойының батырларының қатысқанын Төремұрат жыраудың батырларға арналған толғауында:

Шағырай, Сәдір, Ерғабыл,
Тоқым тыққан Қыстаубай,
Іс көрсетер күн бүгін

Құр атыңа мәз болмай, – деп батырларды шабыттандырған [8.27].
Қыстаубай батыр Созақ соғысында сексен адаммен Шығыс қақпаны (Сауран жағын)

қоршап, жеңіске жеткен. Өкінішке орай, Кіші жүздер бұл күрестің мағынасын терең түсіне алмады.

Орынбор генерал-губернаторы В.Перовский Азия департаментінің директоры К. Родофинскийге жазған хатында: «Ақмешітке жақын тұрған Шөмекейліктер қоқандықтармен бірнеше рет ұрысқа түсіп, жеңіліс тапты. 1836 жылы Қуандария өзенінің өткел аузында жиналып, Хиуаның 200 жасағына шабуыл жасады», – дейді [10.87]. Осы оқиғаға Шөмекей батыры Тоғанас Бәйтқұлы белсене араласқан. «Ол Қоқан, Хиуа және орыс басқыншыларының үш жақты қысымына қарсы күреске халықты бастаған батыр» [8.28]. Оның Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқаны Е.Бекмаханов кітабында да жазылған [10].

Кенесары Шөмекей, Керейт, Шекті, Әлім руларынан да көмек сұрады. Олар көмек беруге әзір екендіктерін білдірді. Аталған рудың басшылары ерікті жасақтар құрып, оларды Кенесары қолына аттандырды. «Оның әскеріне Шөмекей руынан батыр Тоғанас Байтулов қатысты», - делінген [8.30]. «Халық кеңесі» газетінің 1993 жылдың 31 тамызындағы санында профессор Ж. Қасымбаевтың «Қаһарман хан» атты көлемді мақаласы жарияланды. Онда: «Қазақ билеушісінің туы астында топтасқан серіктерінің қатарынан шайқастарда ел құрметіне бөленген үш жүздің де батырларын кездестіреміз. Ағыбай, Аңғал, Байсейіт, Тоғанас, Тобылды, Тайман, Әнеке, Бұғыбай, Жоламан, Жәуке, Сұраншы, Иман, Төлебай, Наурызбай, тағы басқалар», – деп жазған [11.8-11]. Бұл – үш жүз баласының Абылай заманынан кейінгі бірігуі еді.

Жанқожа батырға жазған хатында Кенесары «...Жанқожа батыр, қоқандықтар біздің қазақтарға тыныштық бермеуде: тонауда, өлтіруде. Қоқандық бастықтар сіздің ағайыңыз Сарман батырды өлтірді. Сондықтан сізден сұрайтыным, егер сіз келіссеңіз, онда мен Ұлы және Орта ордаларынан жігіттер жинап, Созақ қаласына келемін, ал сіз Кіші ордадан жігіт жинап, қоқандықтармен оғысу үшін Созаққа келіңіз» – деген [8.24]. Бұл туралы мұрағат деректері көп. Деректердің халық жадында сақталғаны баға жетпес байлық. Мәселен, осындай қызметін 1917 жылғы төңкеріске дейін-ақ бастаған қырғыз тарихшысы Бөлек Солтоноевтың «Қызыл қырғыз тарихы» атты екі кітаптан тұратын еңбегі өте бағалы дерек көзіне жатады. Кенесары хан 1846-жылы ерте көктемде Жетісу жеріне келген бетте «қырғыздармен өзара елдесейік деген ниетпен... қырғыздың басшы адамдары Жанғарач, Жантай, Тыналы, Төрегелді деген кісілеріне елші жіберген. Сонда жіберген елшінің аталған кісілерге айтқаны: «Орыс деген көп ел, беттескен жауын талқандап жеңіп, қаптаған селдей болып, Еділ, Жайықты кешіп, Оралдан өтіп, Сарыарқада сыңсып жатқан қалың қазақты алып, Ертістен шыға Ілеге жақындап қалды. Әлі-ақ Алатау, Іле, Шу бойларына ат қояды. Арыны өте қатты, әскері өте мол, қырғыз-қазақ ежелден ел шетінде, жау бетінде ылғи да бір едік, жақсылық-жамандығымыз ортақ, мал-жанымыз аралас ел едік. Жауға қарсы бірге қамданайық! Қазақ-қырғыз бір болсақ, Ташкент, Қоқан, Самарқан біздің ығымыздан көп алыс кетпейді, мен елшімін, ханымның бұйрығын айттым, егерде бірікпесендер, сендерге көп күш түсер. Кенесары ханның тапсырғаны осы сөз» [12.297].

Бұл - Кенесары ханның бұрынғы өткен қазақ хандарының жалпытүркілік бірлік үшін күрес дәстүрін жалғастырушы қайраткер екендігін көрсетеді.

Кене хан Ресей империясының қазақ жері мен қоғамына қатысты отаршылдық пиғылын терең әрі дәл түсіне отырып, оған мемлекеттік тәуелсіздік мәселесін қарсы қойды және бұл мақсатқа бүкіл қазақ халқын жұмылдыруға күш салды. Алдымен, Солтүстік және Орталық Қазақстанда бастау алған қарсылық Торғай және Ырғыз өңірлерінде жалғасын тапты, ең соңында ол Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жеріне жетіп, бүкіл қазақ даласын қамтыды. Бірақ бұл бар болғаны төңірегіндегі аз ғана топты болар-болмас мезгілге ғана ұстап тұруға мүмкіндік беретін өткінші сипаттағы әрекет еді. Ұзақ саны жиырма мыңға шейін жетіп отырған қолды ылғи да олжадан алынған табыспен асырау, әрине, мүмкін емес-тін. Мұндай әрекеттің де шегі болатындығы өзінен-өзі түсінікті. Бұл айтылғандарға қосымша, Кене хан қолының қатарында күнделікті үйреншікті тіршілігін, отбасы қасындағы бейбіт еңбегін тастап, көтеріліске қосылғандар

да аз емес еді. Кекілік Сенгіріндегі қайғылы түнде Кене ханды тастап, кетушілердің қатарын толтырғандар да осылар болатын. Кене хан қолына Рүстемсұлтанмен бірге қосылған Сыпатай батыр өзінің күрделі де қайшылықты жағдайға тап болғанын аңғармауы мүмкін емес еді.

XIX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап, қоқандық отарлаушылардың билеу саясаты өзгере бастады, биліктің басқа түрлері ойластырыла бастады. Өйткені, бұл кезде Ресейдің сыртқы отарлауы шындап күшіне еніп, Сібір алқабына қоса қазақтың батыс аймағы, теріскейі, орталығы мен шығыс бөлігі орыс бодандығын толық қабылдаған болатын. 1822, 1824 жылдары бірінен кейін бірі сәтті өткен реформалар Ресей империясының түпкі отарлық мақсаты - «Үндістанды отарлау» идеологиясын енгізетін шақ туып еді. Қазақтың батысын сұлтан- правительдердің, орталық және солтүстік аймақты аға сұлтандардың қанжығасына байлап беріп, территориялық жүйеге негізделген «и и чжи и» (жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтыру) әдісінің жемісін көре бастаған Ресей үкіметі енді қазақтың күңгей өлкесін де толық отарлап алудың кезі келгенін пайымдап та қойған болатын. Міне осындай замана саясатын бағамдап отырған қоқандықтар қазақтың оңтүстігі мен қырғыздарды отарлық «уысынан» шығармауға, оларды Ресей империясына барынша қарсы қоюға тырысып-ақ бақты. «Мұсылмандық», «діндегі бауырластық», «кәпірлерге қарсы бірігу» идеяларын жалау еткен сарт молдалары «ғазуатқа» үндеп, қазақ пен қырғыздың ауыл-ауылдарын кезіп жүрді [13.п.150]. Хандық билікті жойған «Сібір қазақтары туралы Ережеге» барынша қарсылық білдірген Саржан мен Есенгелді Қасымұлдары мен атақты Кенесары көтерілістерін өз мақсаттарына барынша пайдаланып, қазақтың ұлттық идеясын Ресей империясының отарлық саясатына қарсы пайдаланғысы да келді [14.112].

Өздерінің әрекетіне олар қазақ халқының қас жауы Қоқан ханынан көмек алуға әрекеттенеді. Мәселен, осындай көмекті Саржан Қасымов ізденген болатын /1824-1836жж/. Ташкент құсбегінің көмек беру уәдесін алған Саржанды Қоқан ханы Қазақстандағы жоспарын іске асыруға пайдаланады. 1831 жылы көктемде Қоқан ханынан ту және сыйлыққа шапан, ер-тұрман алған Саржан Көкшетау, Ақмола округінде Россия қарамағындағы қазақтардың ауылына тонау жорығын ұйымдастырады. «Бірінші наурыз күні Саржан інісін қоса 400 адамдық отрядпен Қарқаралы округіндегі қазақ ауылдарына шабуыл жасап, 1600 жылқы, көптеген дүниені тонап әкетті. Осындай «ынта-жігері үшін» Ташкент құсбегі Саржанға сыйлық ретінде 27 жібек шапан, 27 кемер белдік, 27 етік беріп, оны Қоқан ханының күйеу баласы деп жариялайды [15.195].

1831-1832 жылдары Саржан мен Ташкент құсбегінің Орта жүз қазақтарына жасаған шабуылы патша өкіметінің тынышын бұзады. Сондықтан Батыс сібір генерал-губернаторы И. Вельяминов жедел бірнеше қарулы отрядты құсбегінің әскерлеріне қарсы жіберіп, оларды талқан етеді, алға жылжуын тоқтатады. Дегенмен, 1834 жылы май айында Орта жүз қазақтарын тонау үшін Ташкент құсбегі 6000 сарбазды аттандырады. Ұлытау төңірегіндегі «Қорған» деп аталатын қамалды салдырады. Қазақтардың қолындағы 900 мың бас қойдың 130 мың басын айдап әкетеді [15.197]. Осы жорықтан көп пайда тапқан Ташкент құсбегі Россия қол астындағы қазақтарды бүліншілікке итеру мақсатында ел арасына үндеулер мен «бүліншілік хаттары» таратады. Сондай бірхаттан үзінді келтірелік: «Мұсылман дініндегі қазақтар, сіздер «кәпірлерден» – орыстан азат ету тілегін бізден талай рет өтініш етіп сұрадыңдар. Қоқан хандығының құрамына еруге ризалық беріндер, міне, сол тілектеріңе лайықты біздер келіп отырмыз» [15.196].

Саржан мен Есенгелдіге көмек береміз деп, Кенесарыға бірігейік деген саяси ойындарының астарында Ресей империясының «тағыларды» бағындыру әрекетімен үндесетін тұстары да байқалатын. 1834 жылы мамыр айында Ташкенттік құсбегі Саржан сұлтанмен бірге алты мың әскермен бірге «орыс отарлауынан құтылу» деген ұранмен Орта жүздің жеріне кіреді. Қазақтың бүкіл сұлтандары мен билеріне екі жүздей «қарсылық хаттарын» жазып тарататыны да осы кез [16.л.6].

«Қоқан әскерлеріне қарсы Сібір әкімшілігі генерал-майор Броневскийдің

басшылығымен құрамында алты зеңбірекпен қаруланған мың тандаулы жазалаушы әскерін қарсы аттандырады» [17.279]. Орыс әскерінің келе жатқанын естіген Ташкент бектер бегі Бетпақдалаға қарай қашып кетеді де, мұнан кейін өмірінде патша әскеріне қарсы күреске шықпайды. Патша әскерінің жан-жақты қыспағына ұшыраған Саржан әскері шегінеді. Ташкент бектер бегінен әлі де күдерін үзбеген, қала берді Ұлы жүз қазақтарынан әскер жинауды мақсат еткен Саржан Ұлы жүз қазақтарының жеріне өтеді. Саржанның келуімен Орта жүз қазақтарын да қосып алуды мақсат тұтқан қоқандықтар оларды жылыұшырай қарсы алады. Бүкіл қазақтың бірігіп кетуінен қауіптенген Ташкент бектер бегі 1836 жылдың жазында Саржанды Ташкентке алдап шақырып, жауыздықпен өлтіреді. Саржанның өлтірілуімен қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері басылса керек деген патшалық үкіметтің сенімі ақталмап еді. Қайта керісінше, отаршылдыққа қарсы күрес шоғы жандана түсіп, Кенесары көтерілісі бір жағынан Ресей империясымен, екінші жағынан Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы ұлттық сипат алып еді [4.29].

1841 жылдың қыркүйегінде Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары бірігіп, ата-баба дәстүрімен Кенені ақ киізге салып, хан көтереді. Қазақтардың бұл әрекеті – жан-жақтан анталап тұрған сырт жаудан қайтсек қорғанамыз, қалай елді аман алып қаламыз деген елдік, ұлттық, халықтық ниетінен туған аса дұрыс шешім болатын. 1840 жылғы патшалық әкімшілікпен жасалған келісім Кенесарының Қоқан хандығына қарсы күресіне аз да болса мүмкіндік туғызған болатын. Бұл сәтті тиімді пайдаланғысы келген Кенесары хан өзбектердің ішкі алауыздығы мен Бұхар әмірімен жүргізілген келісім нәтижесінде Қоқан хандығына қарсы күрес жариялайды. Орынбордан Бұхарға, Қоқан мен Хиуаға келетін сауда керуендерінен түсетін пайда мен қазақ даласынан түсіп жатқан шексіз байлық қатты қызықтырған Бұхар әмірлігі де Қоқанға қарсы күрес бастайды. Бұхар әмірі халық арасында қасапшы әмір атанған Насрулла еді. Әмір Насрулла Бұхар ішіндегі саяси-әлеуметтік қайшылықтарды Қоқан мен Хиуа хандықтарын басып алу арқылы шешуге ұмтылды [18.259]. 1840 жылы өзінің өгей шешесіне ғашық болып үйленген «Мәделі ханның бұл әрекетін «дінсіздік, кәпірлік» деп жариялаған Әмір Насрулланың Қоқан хандығына қарсы соғыс ашуына табыла кеткен себеп болатын» [19.297].

Бұхар әмірінің бұл соғысын Кенесары да қолдап, Кіші жүздің әскерлерінен құралған төрт мыңдық әскерді Ташкентке кіргізеді. Кенеттен пайда болған іш эпидемиясы Кенесары хан әскерінің жартысына жуығының соғысқа кіруіне мүмкіндік бермесе де, қалған бөлігі Созақ, Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт бекіністерін азат етуге аттанады. Созақ бекінісін алу оңайға түспейді [20.12].

1842 жылы сәуірде Бұхар әскері Қоқан қаласын басып алады. Бұхар әмірінің бұйрығымен Мәделі хан бауыздалады. Қоқан қаласының кімге тиісті екендігі дауға айналады. Осыны тиімді пайдаланған Кенесары хан Хиуа хандығымен жасырын келіссөз жүргізеді де, Хиуаны Бұхарға қарсы айдап салады. Кенесарының бұл әскери тактикасы керемет іске асады да, екі өзбек хандығы арасындағы қанды шайқас басталып та кетеді. Кене ханның саясаты өзара қырқыстан екі хандықты әлсірету еді. Хиуа мен Бұхар арасындағы қақтығысты пайдаланып, қоқандықтар көтеріледі. Олар хан тағына 1842 жылы қырғыздардың жиені әрі күйеу бласы Шәрәліні көтереді [15.39]. Осы сәтті пайдаланған Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз рулары өз тәуелсіздігі үшін күреске шығады. Бұл соғыстың туын ұстаушы ел ішінен шыққан батырлар болса, солардың көрнектілерінің бірегейі Байзақ датқа еді. Себебі, «қалың қазақтың наразылығын қолына ту қылып ұстап, көптің жоқшысы болған ел қаһармандары қазақ даласының қай бұрышынан болса да шығып бой көрсетті» [21.239].

Байзақ датқа ел ақсақалдарының қолдауына сүйене отырып, өзі секілді батырлармен бірігіп, Қоқанға қарсы тұрарлық үлкен жасақ құрады. Қоқан ханы қазақтардың өзіне қарсы жаппай көтерілгелі тұрғанын, сондай-ақ қырғыздардың да қозғала бастағанын байқайды да, қазақтармен уақытша келісімге келуге мәжбүр болады. Алайда қоқандықтар мен қазақтар арасындағы қақтығыстар тоқтамайды. Байзақтың датқаның батыр атағы қазақтардың Қоқан езгісіне қарсы күресі үстінде шығады.

Қазақ елінің тұтастығы, мемлекеттік дербестігі, егемендігі туралы ұран көтерген Кенесары қозғалысының мұрат-мүддесін Байзақ батырдың түпкі нысанасымен үндес келеді. Кенесары ел ақсақалдарымен, батырларымен әңгімесінде, оларға арнаған үндеулерінде өзінің қазақтың оңтүстігіне келгендегі басты мақсаты қазақ пен қырғыздың басын қосып, оларды Қоқан езгісінен азат ету екендігін әрқашан баса айтып отырған. Бұл мақсат Қоқан езгісінен есі шыққан қалың едің де, ел басындағы есті азаматтардың да көкейіне қонып, олардың тыныш тіршілік, жайлы тұрмыс туралы өмірлік мәні жоғары ұлы тіркестерімен мейлінше үндесіп, үйлесуші еді. Сондықтан да отаршыл рухтағы толып жатқан батырлар, ер-азаматтар елдің азаматтығы мен дербестігі, егемендігі үшін ереулі атқа ер салып, күрес майданына шықты да, әліптің артын баққандар жылы орнын суытпады. Байзақ батыр сарбаздарын соңынан еріп, Кенесары бастаған халық қозғалысына қалың қол болып, қосылып қана қоймай, сарбаздарға ат-көлік ретінде үйір-үйір жылқысын да алдына салып айдап келеді. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанындағы Наурызбай соғысқа мінетін Көкдөнен мен Кертайлақ ат Байзақ батырдың айдап келген сәйгүліктерінің ішінен таңдалып алынған болатын.

Байзақпен бірге Кенесарыға бір топ ірі батырлар, олардың ішінде Төле бидің ұрпағы Момбек датқа, Ысты Бұғыбай бтыр, ел ішінде «қос батыр» атанып кеткен ағайынды Тойшыбек пен Керім, Тойшыбектің батыр ұлы Байсейіт секілді ірі қолбасы батырлар да бар еді. 1845-1846 жалдары Кенесарыға Шымыр, Жаныс, Сиқым, Сарыүйсін руларынан 20000 үй қосылады [17.321-325].

Кенесары көтерілісінен соңғы кезеңде Қоқан үстемдігін мойындағанмен, Байзақ батыр өз елінің дербестігі туралы ойынан қайтпайды. Баласы Ақмола арқылы Жетісуда болып жатқан оқиғалардан хабардар болып, маңындағы басқа батырлармен үнемі пікірлесіп отырады. Әулиеата бекінісінің әкімі Ниязалі бастаған ел басындағы бірнеше ақсақалдармен, билермен, батырлармен ниеттес болады. Ел есінде сақталған қайсыбір әңгімелерге қарағанда, Байзақ датқа айналасындағы топ майдан алаңында Ресей мен Қоқан арасында қырылып кетпеу үшін, өздері бейтарап, қалыс қалуды дұрыс көреді. Екіншіден, олар қоқандықтардың хан тағына таласқан ішкі қантөгістерінен де бойларын аулақ ұстайды. Әйтсе де Байзақ батыр қоқандықтардың бейбіт елге жасаған озбырлықтарына наразылық көрсетпей тұра алмайды.

Хан сарайларындағы ішкі тартыс 1862 жылы Мәделі (Малля) ханының өліміне әкеліп соғады. 1862 жылы 12 наурызда Ташкенттен Таластағы ауылына келген Байзақ батырдың баласы Ақмолданың Қоқан ханы Мәделі ханның өлімі, оның інісі Самраттың хан болып сайлануы туралы айтқан хабарлары Ресей патшалығының Қазақстандағы өкілдеріне де жеткен [22.91]. 1863 жылы Молда Әлімқұл Марғұланда Қоқан хандығына Мәделі ханның 12 жасар ұлы Сұлтан Сейітті сайлайды. Екі күннен кейін Әлімқұл жаңа ханды Қоқанға алып келіп таққа отырғызып, өзі Қоқанның бас әскербасы болады. Қоқанның ішкі-сыртқы билігін Әлімқұл тек қана өз қолында ұстайды [22.91].

Жас ханның тұсында Байзақ батыр мен оның пікірлестерінің жағдайы қиындай түседі. Әлімқұл хандықтағы белді, беделді кісілерінің көпшілігіне қырын қарайды. Оның үстіне бұл тұста Ресей жаулаушы әскерінің Жетісудан Оңтүстік Қазақстан жеріне қарай жылжуы қоқандықтардың көңіліне үрей әкеліп, бір-біріне деген сенімсіздігін күшейте түскен еді. Ресей жаулаушы әскеріне қарсы Әлімқұл бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады. Ол Түркістанды қорғау ісін жолға қою мақсатында оған Мырза Дәулет деген тәжікті әкім етіп тағайындайды. Мырза Дәулет Түркістанды жаудан қорғау ісін ұйымдастыру орнына қала маңындағы қазақ ауылдарын тонап, қудалаумен шұғылданады. Осы тұста Әулиеата қамалын Ресей әскерінің алуы Қоқан билеушілері мен Байзақ датқаның айналасындағы қазақтардың арасын одан ары шиеленістіре түседі. Ал бұл кезде Сырдария қазақтарының да тәуелсіздік үшін күресі басталып еді. Олар Кенесарыны өздеріне басшылық жасауға шақырды. Кенесары хан бұл ұсынысқа келісімін берді. Оның басты мақсаты Бұхар хандығы, Қоқан мен Хиуа хандықтарының әлсіреуі еді. Кенесарының ұйымдасқан әрі білгірлікпен жүргізілген соғыс саясаты патша әкімшілігін

де қорқыта бастады. Орынбор және Батыс Сібір әкімшілігі Кенесарыға соғыс қимылдарын тез арада тоқтатуын талап ете бастады. Өйткені, XIX ғасырдың қыркыншы жылдары Ресей үкіметі Орта Азия мемлекеттерін жаулап алуды ойластырып та қойған еді. Сондықтан Ресейге күшті хандық та, соғыс алаңы да, мықты қарсылас та керек емес еді. Осындай ұлттық тәуелсіздіктің жалауын көтерген батыл қимылдар мен Кене ханның жеңістерінен рухтанған Жетісудың кейбір рулары мен солтүстік қырғыздарының рулары 1842 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне шықты және өздерін тәуелсізбіз деп жариялап та үлгеріп, қокандықтарды қуып шықты [23.6-7].

Ресей үкіметі енді қазақ даласын біржолата отарлау жоспарын тездетіп іске асыруға кірісіп те кетті. Олар Ырғыз және Торғай өзендерінің бойынан қамал салып, табан тіреп жайғасып та алды. Бұл қорғандардың салыну себебін : «Бұл қорған бекіністер кез-келген уақытта Кенесарыға және ол қайтып келіп көшпенділерді көтерер болса және сондай мақсаттағы қозғалыстарға қарсы тұрар орталық болады», - деген Орынбор шекара комиссиясы бастығының рапорты Ресей империясының отарлау саясатының бар шындығын ашып беріп те тұр емес пе?! [24.п.2-13].

Осы орайда басын ашып алар мынадай мәселе бар. Осы кезге дейін Кенесары көтерілісін зерттеген, жазған патшалық Ресей зерттеушілерінен бастап, орыс, қазақ зерттеушілері де «осы кезде патша үкіметі Кенесарыға кеңшілік жасап еді, бірақ Кенесары көтерілісін тоқтатпады, жеңілісінің бір себебі осы еді» дегендей сыңайдағы ойлар айтады. Шындығында солай ма еді. Патшалық үкімет орындарының Кенесарыға хат жазғаны да, Кенесарының оларға хат жазғаны да рас. Бірақ түпкі шындық - Кенесарының көтерілісін тоқтату, орыс империясының отарлық жүйесінің енуіне кедергі келтірмеу болғандығын сол кездегі бүкіл тарихи құжаттар мен көркем өмір шындығының көрінісі болатын әдеби мұраларымыздан да салыстыру арқылы да анық көз жеткізуімізге болады. Ресей империясының алдында оңтүстік қазақтарын түгел бағындырып алу, сол арқылы Орта Азия хандықтары мен Алатау қырғыздарын бағындыру жоспары тұрды. Ресейдің бұл мақсаты Орта Азия мен қазақ даласындағы сауда-керуен жолдарына иелік ету ғана емес, Ресей мен Англия арасындағы осы аймақтарды отарлауға деген бәсекелестіктен де туып еді. Орта Азияға табан тіреп алмай, Шығыс Түркістанға бағытталған бағытты жоспарлары іске аспайтынын қатты қаперінде ұстағандықтан да, олар қайткенде де Орта Азияны тез жаулап алуды көздеді. Көсемдері І Петрдің «Қырғыз-қайсақ даласы - Орта Азияға апаратын қақпа әрі кілт» деген қағидасы әрбір орыс отарлаушысының Құрандай қағидасы еді. Кез келген орыс оқымыстысы болсын, зерттеушісі мен сяхатшысы болсын бәрінің түпкі көкейінде, мейлі ол қаласын, қаламасын шығыс пен мұсылман елдері, жерлері, табиғаты туралы ақпарат жинау бірінші кезектегі міндеттері болған.

Талқылау мен нәтижелер. Отарлық бұғауға қарсы арыстандай арпалысып өткен қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының өмірі мен тарихи келбетін жасауда іргелі зерттеулер жүргізіліп, арнайы еңбектер, мақалалар жазылды. Тәуелсіздік өлшеміне лайық бағасын да алды. Халық жадының тарихи көрсеткіші - халықтық мұраларда жатқандығын ескерсек, Кенесары туралы атақты Нысанбай жыраудан басталған фольклорлық дүниелердің өзі бір төбе бөлек жинақтарға лайық туындылар екендігі анықтала түседі. Кенесары көтерілісінің маңызын түсінуде бұл шығармалардың құндылығы арта түседі. Осы күнге дейін әдеби айналымға түспеген, барынша тарихи өлшемнің талаптарына жауап бере алғанымен осы күнге дейін зерттеуге ілінбей қалған мұралар да бар [25].

Қорытынды. Кенесары Қасымұлы - қазақ тарихындағы өшпес есім. Бүгінгі ұрпақ қалай қабылдады, кеңестік дәуірде қалай бағалады деген өткір саяси-идеологиялық өлшеммен ұштасқан, соңғы ханымызды, қазақтың ұлттық тәуелсіздігі жолында жан қиса да, феодалдық-патриархтық өмірді көкседі деген желбуаз дақпыртпен ұлт санасына сіңіріп келген, өмірі мен өнегесі өкінішке толы, өз заманында өксік те, дәрменсіз күй кешкен асыл тұлғаның бейнесі қалай танылған, танылуда деген мәселелер бір сәтке де күн тәртібінен түспепті. Кешегі кеңестік дәуірде де, Кенесары бейнесін қанша бұрмалап, жәйгөй етсе де, халық өз ханын ұмытпапты. Оған - халық көкейінде жүрген, жатталған,

ұрпақтан-ұрпаққа асыл тұмардай мирас болып жеткен мұралар куә. Бұл – хандықты көксеу немесе Кенесары тұлғасын әспеттеуден емес, XIX ғасырда қазақ ұлтын жою үшін жасалған үш жақты қыспақтан құтылудың бірден-бір бағдары болғандығында еді. Ханның бассүйегін еліне қайтаруға жасалынып жатқан әрекеттен де ұлттық таным іздерін байқаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Н. Кенесары и Садық». Ташкент: 1888;
2. Серебренников. А.Г. «Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания», Ташкент, 1908-1915 г;
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. Алматы: «Санат», 1994, 117 б;
4. М.Қойгелдиев. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ-ғғ.) Зерттеулер. Алматы: «Жалынбаспасы» ЖШС, 2004, 84, 85, 256, 258, 29 бб;
5. Бес ғасыр жырлайды. Алматы:1989, 12 б;
6. Қанайұлы Шортанбай. Қайран халқым. Заман-ай: жыр-толғаулар, айтыстар (1 бөлім); Шортанбай тағылымы: сын-зерттеу, мақалалар (2 бөлім). Құрастырған К.Жүністеги //Алғы сөзін жазған М.Жармұхамедұлы. Алматы: Раритет, 2002, 65 б;
7. Дегоев В. Имам Шамиль: пророк, властитель, воин. Москва: «Наука», 1998;
8. Дайрабай Т. Шығармалары. Алматы: «Жалын», 2015. 20,22, 27 бб;
9. Ахмедов Ғ. Жанқожа Нұрмұхамедұлы /Жұлдыз/ журналы, 1991 жыл, № 11;
10. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: «Санат», 1994, 87 б;
11. Қасымбаев Ж. Қаһарман хан «Халық кеңесі» газеті, 1993 жыл, 31тамыз; Қасымбаев Ж.Кенесары хан: саясатшы және қолбасшы. А.,1993,8-11бб;
12. Солтоноев Б. Қызыл қырғыз тарихы. Бишкек. Учкун.1999, 297 б;
13. ӨРҰҒА Шығыстану институтының қолжазба қоры. № 9455, п.150;
14. Иванов П.П. Казахи и Кокандское ханство. К истории взаимоотношений в начале XIXв.//Записки ИВ АН СССР.1937.т.7. с.112;
15. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі. (ХҮІІІ-ХІХ ғғ). А: Ғылым, 1976, 195, 197, 39, 212 бб;
16. ӨРОМА: к.715,ж.1, іс 20, 6 п;
17. Қазақстантарихы.Көнезаманнанбүгінгедейін. 5 томдық. 3том.-Алматы: «Атамұра», 2002, 279, 321-325 б;
18. Валиханов Ч.Ч. Записка о Коканском ханстве. Собрание сочинений в 5 томах. Т.3. А: Гл. ред. КСЭ. 1985. с.259;
19. Р.Н.Набиев. Из историй Кокандского ханства. Ташкент: «Фан», 1973, с. 297;
20. Тетеревников А.Н. Очерки внутренней торговли Киргизской степи. «Туркестанский сборник», т. 396. с.12;
21. М.Әуезов.Әдебиет тарихы. Алматы: «Санат», 1991, 239, 235 б.;
22. Наливкин. Краткая история Кокандского ханства. Казань, 1886,с.91;
- Мадуанов С., Шалекенов М. История взаимоотношений народов Туркестана в ХҮІІІ-начале ХХ вв. Туркестан. 2000. с.6-7, 123;
23. ЦГВИА, ф.ВУА. д.19254, л.2-13;
24. Омарұлы Ф. Қазағым менің осындай. Тараз: Рысбаева және К. 2000;

Аннотация: В статье раскрываются исторические факты о национально-освободительном восстании под руководством Кенесары Касымұлы, жаждущего независимости, за которое прошел жизненный путь в борьбе. Всесторонне доказана реальность внешней протекторной колонизации (Россия, Коканд) казахских степей. В ходе встречи были обсуждены и обобщены героические поступки казахских Уланов, которые остались на Исторической сцене. Восстание под предводительством Кенесары Касымұлы, возведенное сегодня в ранг национально-освободительного движения и получившее должную оценку, стало неугасимым проявлением произвола и властного сопротивления колониальной системе, вызванное временем,

стремлением положить конец стереотипам казахской свободы. История национально-освободительного восстания под руководством Кенесары Касымовича стала стержнем в истории литературы, обилие исторических источников и литературного наследия - отражением того, что последующие восстания и движения стали золотым стержнем.

Ключевые слова: свобода идеи, независимость, мужество, восстание, Кенесары Касымұлы

Abstract: The article reveals historical facts about the national liberation uprising led by Kenesara Kasymuly, who longed for independence, for which he passed his life in the struggle. The reality of external protective colonization (Russia, Kokand) of the Kazakh steppes has been comprehensively proved. During the meeting, the heroic deeds of the Kazakh Ulans who remained on the Historical stage were discussed and summarized. The uprising led by Kenesara Kasymuly, elevated today to the rank of a national liberation movement and duly appreciated, has become an inextinguishable manifestation of arbitrariness and imperious resistance to the colonial system caused by time, the desire to put an end to the stereotypes of Kazakh freedom. The history of the national liberation uprising under the leadership of Kenesara Kasymovich has become a core in the history of literature, the abundance of historical sources and literary heritage is a reflection of the fact that subsequent uprisings and movements have become a golden core.

Keywords: freedom of idea, independence, courage, rebellion, Kenesary Kasymuly